



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 5 - кіреберіс
тел: 8 (7172) 74-28-19, факс: 8 (7172) 74-36-50

010000, город Нур-Султан, пр. Мәңгілік Ел 8
Дом Министерств, 5 подъезд
тел: 8 (7172) 74-28-19, факс: 8 (7172) 74-36-50

№ _____

**Factcheck.kz сайтының
бас редакторына
Д. Смақов**

050040, Алматы қ., Қазыбек би к-сі,
117 үй Galianos БО, 207 – офис
Email: factcheck.kz@gmail.com
Тел: +7 727 339 05 51

*2022 жылғы 4 сәуірдегі
№ F-1222 сауалға*

Құрметі Думан!

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті, Сіздің сауалды қарап, мынаны хабарлайды.

1. Қазақстанда қанша дәрігер тапшы?

2021 жылғы 1 қаңтардағы статистикалық деректерге сәйкес денсаулық сақтау жүйесінде барлық ведомстволарды ескере отырып, 262 200 медицина қызметкері жұмыс істейді, оның ішінде 76 443 дәрігер, 185 757 орта медицина қызметкері (бұдан әрі - ОМҚ), оның ішінде бастапқы медициналық – санитариялық көмек (бұдан әрі - МСАК) ұйымдарында 32 042 дәрігер, 73 811 ОМҚ.

Бұл ретте, ауылдық жерлерде медицина қызметкерлерінің саны 64 402 адамды құрады, оның ішінде 12 438 – дәрігерлер, 51 964 – орта медицина қызметкерлері.

Әкімдіктердің алдын ала деректері бойынша 2022 жылғы 1 сәуірге дәрігерлер тапшылығы 3 931 штаттық бірлікті, ауылдық жерлерде – 848 шт. бірлікті құрайды, оның ішінде МСАК - 2074 шт. бірл. (қала – 1405,5 шт. бірл., ауыл – 668,5 дана бірл.), стационар – 1857,5 дана бірл. (қала – 1677,75 шт. бірл., ауыл – 179,75 шт. бірл.).

Дәрігерлердің ең көп тапшылығы Нұр-Сұлтан қаласында – 618,75 шт.бірлік, Қостанай облысында – 395,75 шт.бірлік (оның ішінде ауылда – 118,75), Шығыс Қазақстан облысында – 303,75 шт.бірлік (оның ішінде ауылда

– 76), Батыс Қазақстан облысында – 284,5 шт.бірлік (оның ішінде ауылда – 122,5), Ақмола – 259,25 шт.бірлік (оның ішінде ауылда – 81,25), Алматы облысында – 255,5 шт.бірлік (оның ішінде ауылда – 74,5), Маңғыстау – 244,5 шт.бірлік (оның ішінде ауылда – 52), Алматы қаласында -231,25 шт.бірлік, Түркістан облысы – 209,25 шт.бірлік (оның ішінде ауылда-111), Атырау облысы – 201 бірлік (оның ішінде ауылда-44), Солтүстік Қазақстан облысында -187,75 шт.бірлік (оның ішінде ауылда-18), Жамбыл облысында – 160,5 шт.бірлік (оның ішінде – 50,75), Қызылорда облысында – 139,5 шт.бірлік (оның ішінде ауылда – 33,5), Павлодар облысында– 125,5 шт.бірлік (оның ішінде ауылда – 29), Шымкент қаласында– 122,5 шт.бірлік, Қарағанды облысында – 113,5 дана (оның ішінде ауылда – 21), Ақтөбе облысында– 78,75 шт.бірлік (оның ішінде ауылда – 16).

2. Қай салаларда дәрігер тапшы?

Мамандықтар бөлінісінде ең көп тапшылық жалпы практика дәрігерлері арасында байқалады олар 480,5 шт.бірлік (оның ішінде ауылда -178 шт.бірлік), анестезиолог – реаниматологтар – 416,25 шт.бірлік (оның ішінде ауылда – 39,25 шт.бірлік), терапевтер – 333,5 шт.бірлік (оның ішінде ауылда-75,75), педиатрлар – 256,5 шт.бірлік (оның ішінде ауылда - 47,25), акушер-гинекологтар-233,25 шт.бірлік (оның ішінде ауылда – 64,25), инфекционистер-139 шт.бірлік (оның ішінде ауылда-27), неврологтар-128,5 шт.бірлік (оның ішінде ауылда - 28,5 дана), хирургтар – 147,5 шт.бірлік (оның ішінде ауылда – 38,5), онкологтар – 99,5 шт.бірлік (оның ішінде ауылда – 30,25), кардиологтар – 93,25 шт.бірлік (оның ішінде ауылда-25,5 шт.бірлік).

3. Қазақстанда қанша эндокринолог бар?

Бүгінде Қазақстанда 915 эндокринолог-дәрігер бар.

4. . Қазақстанда қанша адам «қант диабеті» бойынша есепке тіркелген?

Ресми статистикалық деректерге сәйкес Қазақстанда 2021 жылда «қант диабеті» диагнозы бар 52735 науқас тіркелген, оның ішінде 51 673 ересек, 204 жасөспірім, 344 бала.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Ғылым және адами ресурстар
Департаментінің директоры

Д. Алдынгуров